

ДӘРІС

**ІСІКТЕР ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ
ҰҒЫМ**

**АРНАЙЫ ДАМУ ОРНЫ
ЖОҚ ЭПИТЕЛИЙ ІСІКТЕРІ**

- **Ісік (жаңа түзілім, бластома, тумор) –** бұл канцерогендер әсерінен жасушалардың тоқтаусыз өсуімен сипатталатын патологиялық үрдіс.
- **Ісіктің даму теориясы:**
 - Вирусты-генетикалық
 - Физико-химиялық
 - Дизонтогенездік
 - Полиэтиологиялық

Вирустық канцерогенез

Ісік тудырушы вирустарды онкогендік вирустар деп атайды. Адам онкопатологиясына тікелей қатысы бар ДНҚ-вирустар:

- Адам папилломасының вирусы;*
- Эпштейн-Барр вирусы;*
- В-гепатитінің вирусы;*
- Цитомегаловирустар.*

РНҚ-вирусы – HTLV-1 вирусы.

Химиялық канцерогенез

Екі топқа бөлінеді:

- Жасушалардың ДНҚ-мен тікелей әсерлесетін **ТОЛЫҚ** канцерогендер;
- Организмдегі химиялық реакциялар нәтижесінде пайда болған метаболиттері арқылы әсер ететін **жанама** канцерогендер.

Химиялық канцерогендерге:

- хош иісті аминдер;
- Нитрозды қоспалар;
- Афлотоксиндер
- Кейбір металдар (хром, қорғасын, никель, мышьяк);
- Асбест, кадмий, уран.

Физикалық канцерогенез

- Ультракүлгін сәулелер;
- Иондағыш сәулелер: рентген сәулелері, α - , β - , γ -сәулелер, протондар мен нейтрондар;
- Радиобелсенді заттар (уран, радий).

Канцерогенездің кезеңдері

- Инициация кезеңі;*
- Промоция кезеңі;*
- Прогрессия кезеңі.*

Инициация кезеңінде канцерогендік заттар жасуша геномына мутагендік әсер етіп, қайтымсыз өзгерістер тудырады. Нәтижесінде, сау жасуша қатерлі ісік жасушасына айналады (трансформация).

Промоция кезеңінде қосымша күшейтуші заттар (промоторлар) әсерінде ісік жасушаларында қосымша гендік және хромосомдық мутациялар дамиды. Нәтижесінде, ісік түйіні пайда болады.

Прогрессия кезеңінде қатерлі ісік жасушалары тез өсе бастайды. Олардың арасында реттеуші әсерлерге тәуелсіз жаңа генотиптік және фенотиптік қасиеттерге ие болған жасуша топтары (клондар) пайда болады.

Морфологиялық атипизм:

жасушалық

тіндік

Ісіктің өсуі түрі:

- экспансивті
- аппозиционды
- инфильтрациялық


Қуысты ағзаларда:

- Эндофитті
- Экзофитті

Өсу ошақтарының санына қарай:

- уницентрлік
- мультицентрлік

Аденокарцинома желудка






Асқазанда өскен скирр



внутристеночная миома



**субсерозная
миома на ножке**

субсерозная миома

**субмукозная миома
на ножке**

субмукозная миома

Классификация миом по их расположению относительно матки



● *Ісіктердің клиникалық-морфологиялық түрлері:*

- *қатерсіз*
- *қатерлі*
- *жергілікті бұзып өсуші*

Қатерсіз және қатерлі ісіктердің сипаттамасы

<i>Өсу ерекшеліктері</i>	<i>Қатерсіз ісіктер</i>	<i>Қатерлі ісіктер</i>
<i>Өсу түрі</i>	<i>Экспансиялық</i>	<i>Инвазиялық</i>
<i>Өсу жылдамдығы</i>	<i>Баяу</i>	<i>Тез</i>
<i>Тіндік атипизм</i>	<i>Болады</i>	<i>Болады</i>
<i>Жасушалық атипизм</i>	<i>Болмайды</i>	<i>Болады</i>
<i>Метастаздар</i>	<i>Болмайды</i>	<i>Жиі байқалады</i>

Өсу ерекшеліктері	Қатерсіз ісіктер	Қатерлі ісіктер
<i>Митоздық белсенділігі</i>	<i>Төмен</i>	<i>Өте жоғары, атипиялық митоздар көп</i>
<i>Өзі дамыған тінге гистологиялық ұқсастығы</i>	<i>Жоғары</i>	<i>Өте төмен, кейде мүлде ұқсамайды</i>
<i>Қайталануы (рецидив)</i>	<i>Өте сирек</i>	<i>Жиі</i>
<i>Организмге әсері</i>	<i>Шамалы</i>	<i>Интоксикация және кахексия</i>

Метастаз беруі – ісіктің барлық ағзаға таралуы

Метастаз беру жолдары:

- Гематогенді
- Лимфогенді
- Аралас
- Имплантациялық
- Периневралді

Метастаздық каскад



Метастаз беруші жасушалардың пайда болуы



Ісік жасушаларының базалдық мембранаға бекуі және одан өтуі



Қан тамырының ішіне енуі (интравазация)



Лимфоциттермен әсерлесуі



Эмболдың түзілуі



**Эмболдың базалдық мембранаға
бекінуі**



**Қан тамырынан сыртқа шығуы
(экстравазация)**



Метастаз

Атипизмнің түрлері

- Морфологиялық атипизм
- Биохимиялық атипизм
- Гистохимиялық атипизм
- Антигендік атипизм

Морфологиялық атипизмнің екі түрі болады:

- Тіндік атипизм
- Жасушалық атипизм

Ісіктің морфогенезі

Ісік дамуында бірнеше кезеңдерді ажыратады:

- Дисплазия кезеңі
- Орнықты рак кезеңі
- Инвазивті рак кезеңі

Дисплазия деп – эпителий қабаттарының арасында әр түрлі дәрежедегі атипиялық эпителий жасушаларының пайда болуын айтады.

Орнықты рак (*carcinoma in situ*) деп – морфологиясы бойынша қатерлі ісікке жататын рак айналасындағы тіндерге өсіп кірмейтін ісікті айтады.

● **Ісіктің рецидиві** – хирургиялық немесе сәулелік емнен кейін ісіктің сол жерде қайта өсіп шығуы.

● **Ағзаға әсері:**

- Жергілікті (дистрофия, ісіктің некрозы, қан құйылу, гиалиноз)
- Жалпы – қатерлі ісіктік кахексия

ІСІКТІҢ ЖІКТЕЛУІ

1. Жеке ағзаға тән емес эпителилік ісіктер
2. Жеке ағзаға тән эпителилік ісіктер
3. Мезенхималық ісіктер
4. Меланинтүзуші тін ісіктері
5. Нерв жүйесі және ми қабықтарының ісіктері
6. Қан жүйесінің ісіктері
7. Тератомалар